



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

каждый учащийся обладает способностью, а большинство талантом
высшие этические ценности (добродушие, любовь, трудолюбие, совесть и другие)
являются приоритетными качествами личности.

Демокритизация отношений заключается в следующем:

равность прав обучаемых и обучающего

права выбора обучаемого

права допускать ошибки

права иметь свою точку зрения

виды отношения обучаемых и обучающего:

Не запрещать, не руководить, руководить совместно, не принуждать, доверять, не приказывать, организовывать, не ограничивать, дать возможность свободного выбора.

Основная суть новых отношений - отказ от принудительной, педагогически не дающий требуемого результата в современных условиях.

Преимущества технологии образования перед традиционным образованием заключаются следующем: процесс образования представляется как одно целое, в котором систематизируется цель образования и ожидаемые результаты, а также его сущность, методы, формы и средства образования, деятельности обучаемого и обучающего, проектирующая этапы образования, контролирует процесс образования и оценивается результаты образования.

Понятие «инновация» относится не просто к созданию и распространению новшеств, но к таким изменениям, которые носят существенный характер, сопровождаются изменениями в образе деятельности, стиле мышления.

В современной образовательной парадигме существует огромное количество педагогических и технологических инноваций (кейс-стади, брейн-ринг, методика проектов, инсерт технологии и много других эффективных методов). **В качестве основных принципов эффективного выбора и использования технологий в инновационном учебном процессе можно выделить следующие положения:** * в учебном процессе важна не информационная технология сама по себе, а то, насколько ее использование служит достижению собственно образовательных целей;

* более дорогостоящие и наиболее современные технологии не обязательно обеспечивают наилучший образовательный результат. Наоборот, часто наиболее эффективными оказываются достаточно привычные и недорогие технологии;

* результат обучения существенно зависит не от типа коммуникационных и информационных технологий, а от качества разработки и предоставления курсов, учебно-методических комплексов (УМК). При выборе технологий необходимо учитывать наибольшее соответствие некоторых технологий характерным чертам обучаемых, специфическим особенностям конкретных предметных областей, преобладающим типам учебных заданий и упражнений;

* наиболее эффективным при выборе технологий является мультимедиа подход, при котором необходимо стремиться к взаимодополнению различных технологий;

Технологические инновации приводят к существенному расширению множества педагогических методов и приёмов, которые существенно влияют на характер преподавательской деятельности, тем самым оказывая воздействие в целом на развитие педагогической подсистемы.

Список использованных источников

1. Закон Республики Узбекистан «Об образовании» – Ташкент: Шарк, 1997 г.
2. Подласый И.П. «Как подготовить эффективный урок» – Киев, 1989 г.

УДК 376.64

ЖЕТИМ БАЛАЛАР ҮЙИНДЕГІ ТӘРБИЕНІҢ КӨКЕЙКЕСТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Нақыпбекова Сабира

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының
2 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Ф.Н.Жұмабекова

Әр үйдің қуанышын молайтып, шаттығын шалқытатын, ата-ананы бақытқа бөлеп, жан-дүниесін балқытатын, шаңырақты қызыққа кенелтетін жас сәбидің күлкісі мен былдырлаған бал үніне жететін бақыт бар ма екен жер бетінде?! Қазақ халқы жетімін жылатпаған, жесірін қаңғыртпаған ел емес пе! Қазіргі уақытта мемлекетімізде қаншама жарымжан, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар өмір сүріп жатыр. Оларға әрдайым жылы сөз, мейірім, жан жылулығы жетіспейтіндігі белгілі. Себебі олар ананың жылы алақанын, әкенің ыстық құшағын көрмей, тек аңсаумен өскен жандар.

Қазіргі уақытта қоғамның басты міндеті – ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қандай да жағдай болмасын, отбасына орналастыруға ықпал жасау. Өйткені олардың бойында отбасына келу арқылы жүректерінде болашаққа деген арман, ынтасы оянады. Отбасылы болу, үлкен жанұяда өсіп-өну - әр баланың арман тілегі.

Қазақстан Республикасында соңғы жылдары жетім балалар мен ата-анасынан ажыратылған, яғни олардың қамқорлығынсыз қалған балалардың жағдайы көпшілікті толғандыруда. Бұл мәселе Қазақстан Республикасының «Қазақстан-2030» даму стратегиясына сай жетім балалар үйіндегі тәрбиелініп жатқан әрбір ұрпақтың жеке адам ретінде қалыптасуының шешуші факторы ұлттық тәрбие деп көрсеткен. Жетім балалар тәрбиесіне қазіргі кезде ұлттық тәрбие тұрғысынан да көңіл бөліп, оларды тұлғалық қалыптастыру мәселесі бүгінгі күн талабы. Көптеген жетім балалар, ата - ана қамқорлығынан айырылған балалар интернаттық мекемелерде тәрбиеленеді, отбасы функциясын балалар үйі мен мектеп-интернаттар атқарады. Мұндай балалардың бейімделу процестері балалар үйінде, мектеп-интернаттарында үлкен қиындықтармен жүреді. Жетім бала деген сөз өте ауыр естілетіні шындық. Ата - ана қамқорлығынан айырылған әрбір бала-отбасында тәрбиеленуге тиісті. Себебі: олар міндетті түрде ата-аналарының өмірін қайталайтын болса болашақта олардың саны екі есе көп болмақ[1].

Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың мүлкін қалай сақтау керек? Бүгінгі таңда жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйін сақтау көкейтесті мәселелердің бірі. Бала интернатты мекемеде тәрбиеленген кезде, баланың құқығы бар тұрғын үйдің бөлігі жайдан-жай сатылып кетеді. Алайда оған тұрғын үйдің бөлігінің қандай да бір құны өтелмейді. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы «29» қарашадағы № 1271 қаулысымен Жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйін сақтау қағидалары бекітілді. Аталған қаулыға сәйкес тұрғын үйінің сақталуын бақылауды жергілікті атқарушы органдар (бұдан әрі – органдар) қамтамасыз етеді. Балаларды қорғаншылыққа немесе қамқоршылық, патронаттық тәрбиелеуге бергенге, білім беру ұйымдарына, медициналық және басқа да ұйымдарға орналастырғанға дейін олардың тұрғын үйін сақтауды органдар қамтамасыз етеді. Балаларды қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа, патронаттық тәрбиелеуге беру, білім беру ұйымдарына, медициналық және басқа да ұйымдарға орналастыру кезінде олардың тұрғын үйін сақтауды балалардың заңды өкілдері қамтамасыз етеді. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй қорынан орган жалдаған тұрғын үй балаларда олар білім беру ұйымдарында, медициналық және басқа да ұйымдарда, оның ішінде қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін ұйымдарда болған кезеңде, қорғаншылықта немесе қамқоршылықта, патронаттық тәрбиеде болғанда кәмелетке толғанға дейін сақталады[10].

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала – ата-ана құқықтарының шектелуіне немесе олардан айрылуына, ата-анасы хабар-ошарсыз кетті деп танылуына, олардың қайтыс

болды деп жариялануына, әрекетке қабілетсіз (әрекет қабілеті шектеулі) деп танылуына, ата-анасының бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуіне, ата-анасының баласын тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтаруына, оның ішінде ата-анасының өз баласын тәрбиелеу немесе емдеу мекемелерінен алудан бас тартуына байланысты, сондай-ақ ата-анасы қамқорлық жасамаған өзге де жағдайларда жалғызбасты ата-анасының немесе екеуінің де қамқорлығынсыз қалған бала деп көрсетілген [2].

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев еліміздегі жетім, тастанды, ата-анасының қарауынан айырылған балалардың көптігіне және балалар үйлері мен интернат мекемелерінің қазіргі жай-күйіне назар аударып отыр. Бұл әлемдегі бірінші орында тұрған мәселе. Дамыған елдерде жетім балалар мәселесі қоғамдық жобалар арқылы шешіліп келеді. Мысалы, Америка Құрама Штаттарында баланы асырап алған адамдар немесе оған қамқорлық көрсеткен мекемелерге мемлекет және қоғам қолғабыс көрсетеді. Швецияда бала асырап алған отбасыларға қосымша қаржы беріліп, кеңес беретін психологтардың жұмысы тегін көрсетіледі. Еліміздегі мемлекеттік емес ұйым өкілдері тастанды немесе жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынан айырылған балалар үшін жастар үйлерін ашуды ұсынған болатын. Енді бірі балалар үйлерін жанұя түріндегі үйлерге ауыстыру керектігін айтады. Оның себебін балалар үйінен бала асырап алғандардың көбісінің баланы кері қайтарып жатқанымен түсіндіреді. Жетім балалар саны артқан сайын Үкімет тарапынан бөлінетін қаржы да арта түседі. Осы орайда, әлеуметтік сала бойынша жұмыс істеп жатқан үкіметтік емес ұйым мамандары ата-анасыз қалған балаларды жекелеген отбасыларына беру керек дейді [3].

1998 жылғы 17 желтоқсанда қабылданған ҚР-ның “Неке және отбасы туралы” заңында Балаасырап алудың тәртібі, оның құқықтық салдары, тиісті адамдардың заңи міндеттері мен жауапкершіліктері, т.б. егжей-тегжейлі қарастырылған (12-тарау) [3].

Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы заңның 4-бөлімінің 15-тарауында «Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтау және орналастыру және жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтар мүдделерін қорғау жайында көрсетілген.

1. Жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органына және өз өкілеттіктері шегінде басқа да мемлекеттік органдарға, сондай-ақ осы балалардың заңды өкілдеріне жүктеледі.

2. Ата-аналарының қамқорлығынсыз қалудың нақты мән-жайларын негізге ала отырып, жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды есепке алу жөніндегі қызметті ұйымдастыру, балаларды орналастырудың нысандарын таңдау, сондай-ақ оларды күтіп-бағу, тәрбиелеу және оқыту жағдайларын одан әрі бақылау жергілікті атқарушы органдарға жүктеледі.

3. Мемлекеттік органдардың өз құзыреті шегіндегі қызметін қоспағанда, жеке және заңды тұлғалардың жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды іріктеу, орналастыру, беру жөніндегі қызметі бойынша делдалдық және кез келген өзге де қызметке тыйым салынады [4].

Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарқын жұлдызы М.Жұмабаев: “Тәрбие-қиын іс, тәрбиеге жағдай жасау-ең әуелгі борыштарының бірі. Өйткені, өзіңді және жақындарыңды білімді етуден маңызды еш нәрсе жоқ.” деп атап өткен.

Балалар үйі тәрбиеленушілерінің депривация проблемаларына отандық зерттеушілер И.В. Ежовтың, Ю.А. Евдокимовтың, И.В. Дубровинаның, А.М. Прихожанның, Н.Н. Толстыхтың, Т. Войтенконың еңбектері арналды. Және жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың әлеуметтену проблемаларын өз еңбектерінде И.С. Кон, Л.М. Шипицына зерттеді. Олар жетім баланың әсіресе, интернаттық мекемелердің көмегі арқылы өмірге бейімделетін әлеуметтік-эмоциялық саладағы дамуының өзіндік тетіктерінің қалыптасуын атап көрсетеді. Мұнымен бірге балалар үйлерінде тәрбиеленушілердің ересектік өмірге, балалар үйі қабырғаларынан тыс өмірге бейімделуіне байланысты көптеген

зерттеулер жүргізілуде. Балаларды дербес өмір мен қызметке дайындаудың әлеуметтік-психологиялық қырлары И.С.Конның, А.В. Петровскийдің зерттеулерінде келтірілген. Жетім балаларды дербес өмірге дайындаудың бұл проблемасының педагогикалық қыры П.П. Блонскийдің, Макаренконың, В.А. Сухомлинскийдің еңбектерінен көрініс тапты [7].

Тәрбиені бала тұлғасының әлеуметтенуінің психологиялық-педагогикалық құрамдас бөлігі ретінде санау тұжырымдамасы (О.С.Гребенюк, А.В.Мудрик, М.И.Рожков); әлеуметтік ортаны баланың тұлғалық қалыптасуындағы өте маңызды детерминант ретінде қабылдауға бағытталған педагогикадағы әлеуметтік-рөлдік тұжырымдама (Н.М.Таланчук, В.П.Созонов); жетім балаларды өмірге бейімдеуде қолданылатын әлеуметтік-психо-логиялық қолдауды ұйымдастырудың басты психологиялық жағдайларының әдістемелік негіздерінде әзірленген әлеуметтік-психологиялық қолдау мен жәрдем теориясы (Л.И.Аксенова, А.В.Мудрик, Х.Т.Шерьязданова, Ю.Н.Галагузова, Б.А.Расчетина, А.А.Тынышбаева), интегративті тұлғалық құрылым ретінде көрінетін әлеуметтік-психологиялық жұмысқа ұстаздардың кәсіби жеке дайындығы тұжырымдамасы (Г.Ж.Меңлібекова) мазмұндап отыр

Балалар үйлерінде тұратын балалардың бәрі толып жатқан құрдастарына бейімделуге мәжбүр болады. Балалар санының көптігінде эмоциялық ширығуды, алаңдаушылықты, күшейіп келе жатқан озбырлықты жасайтын ерекше әлеуметтік-психологиялық жағдайлар жасырулы болады. Балалар үйіндегі өмір жағдайлары: балалар мен ересектердің арасында тәулік бойы болу, көңілсіздік, үй- жайларда оңаша болуға жеткілікті кеңістіктің жоқтығы; жеке заттары мен өз орнының жоқтығы оның жеке тұлғалық дамуына ықпал етеді, өзін жеке тұлға ретінде сезінуін қиындатады. Жетім балалар үйіндегі тәрбиеленушілерді отбасылық өмірге дайындауда олардың әйел адам өзін әйел ретінде көрсететін, оған мінез-құлықтың ер адамға тән формалары тән болмайтынын, ал ер адамның мінез-құлықтың үлгілік ер адамдық формаларын көрсететін ересектердің дәл жыныстық рөлдік мінез-құлқын бақылау мүмкіндігінің маңызы зор. Әрине, балалар үйінің заманауи жағдайларында мұны істеу өте қиын, бірақ мүмкін де. Ересектердің өз мінез-құлықтарының бұл жағына көңіл аударғаны, өздерінің тек педагогтар ғана емес, сондай-ақ ер адамдар немесе әйелдер екендігін де есте ұстағандары жөн. Жасөспірімдердің назарын фильмдердегі, кітаптардағы және т.б. ер адам мен әйел адамның мүмкін болатын ер азаматтық – әйелдік үлгілеріне аудару пайдалы[6].

Жетім балаларға өзіндік жоспар құруға үйрету яғни, ол жоспар арқылы өзін – өзі есеп беру арқылы іс – әрекетін реттеуге, болашағын жоспарлауға, мақсатқа талпынушылығын арттыра алады, өз бетінше іс – әрекетін орындауға дайын болып, мүмкіндіктерді игереді. Жеке адамның өзін – өзі сыйлауы неғұрлым төмен болса, оның бөлектенуі, жалғызсырап қиналуы соғұрлым көбіңкірек болады. Өзін –өзі сыйлаудың төмендегінен барып адамдардың әлеуметтік талаптарының деңгейі барынша төмен болады, оны жасыру – адамды іс – әрекет атаулысынан тартыншақ етеді. Мұндай адамдар көбіне өз күштеріне сенбегендіктен алға қойған мақсаттарына жетуден бас тартады. Ал мұның өзі олардың өзін- өзі бағалауын нығайту қажет екендігін көрсетеді. Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр әл – Фараби жаман мінез – құлық рухани кесел, егер адам өз бойындағы жоқ нәрселерді өзіне баға беретін болса, онда ол адамда келгісушілік пайда болады. Осылайша жетім балалар өзін-өзі реттеуі және өзіндік құндылық бағдарын анықтауға, әлеуметтік қызметкер, педагог-психолог, әлеуметтік-педагогтар мен арнайы білімі бар, кәсіби білікті мамандарымыз ат салысып, өз кезегінде дұрыс бағыт-бағдар бере білсе балалар үйінің балалары жоғарыдағыдай айтылған өзін-өзі сыйлауы, құрметтеуі, өзін-өзі реттеуі, өзін бағалай білуі секілді жағымды қасиеттері орындалуы сөзсіз болар еді, деп ойлаймыз. Алға мұндай ішкі жан дүниеге үнілу секілді қасиеттер жетім балалар үйі жағдайында тәрбиеленуші жастарымызда көп болары белгілі. Себебі, олар толық отбасы тәрбиесін көрмеген, аялап, мәпелеп, отырған ата-ананың ыстық алақаны да жоқ. Сол себептен де, жетім балалар үйіндегі тәрбиеленушілер тым болмаса өздерінің ішкі жан дүниесінің сырларын ашып қажетті рухани көмекпен ақпарат алып тұру қажет. Жетім балаларға мұндай қажетті көмек беру-әрине әлеуметтік қызметкерлеріміздің құзырында. Балалар үйі тәрбиеленушілерін болашақ отбасылық өмірге даярлау үшін оларды құрдастарымен және ересектермен ғана емес, сондай-ақ өздерінен жасы үлкен және кіші

балалармен сындарлы өзара қарым-қатынастар тәжірибесіне үйрету қажет. Дүниежүзілік тәжірибе көрсеткендей, жетім балаларды тәрбиелеу әр түрлі жастағы балалар жиналған топтарда неғұрлым тиімді жүзеге асырылады. Қарым- қатынастарды дұрыс ұйымдастырған кезде мұндай топтардағы жасы үлкен балалар жасы кіші балаларға қамқорлық жасауға, өзіне олар үшін жауапкершілік алуға, өзі үшін неғұрлым күрделі болып табылатын қызмет түрлеріне араласуға және т.б. әдеттенеді. Балаларда әлеуметтік-тұрмыстық: санитарлық гигиеналық, еңбек, мінез-құлық мәдениетін, әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау дағдыларын қалыптастыру жөніндегі мақсатты бағытталған жұмыс қажет. Балалар үйлерінің тәрбиеленушілерінде ақшаны жұмсай білу мен үй шаруашылығын жүргізуге және тұрмысты ұйымдастыруына үйрену мүмкіндіктері жоқ. Әдетте мұндай білім мен шеберліктерді отбасы береді, сондықтан балалар үйі жағдайларында бұл бағыт бойынша мақсатты жұмыс қажет. Оларды өзін-өзі күтуге, қарапайым тамақтар әзірлеуге, жууға, үтіктеуге, тазалық жұмыстарын жүргізуге, тауарлар сатып алуға, көлікті, байланыс құралдарын, тұрмыстық 64 приборларды пайдалануға, мінез-құлық мәдениетінің дағдыларына үйрету қажет, әйтпесе бітіруші өздігінен өмір сүруге дәрменсіз болып шығады. Қыз балаларды – жайлы жағдай жасауға, үстел рәсімдеуге, тамақ әзірлеуге, ұлдарды – үй шаруашылығына қажетті құралдарды пайдалануға, жиһаз бен үй мүліктерін жөндеудің оңай түрлерін және қарапайым сантехникалық жұмыстарды орындауға үйрету қажет. Кешке балалармен өткен күн туралы әңгімелесулерді ұйымдастыру пайдалы. Балалардың жағдайына, олардың көңіл- күйіне тұрақты түрде ерекше назар аударған жөн. Оларда қандай да бір көңілді, күлкілі нәрсенің болғанын, бүгін неге қуанғанын, не үшін жылағанын сұрауға болады[5].

Тәрбиеленушілер үшін балалар үйі уақытша болатын жер, оқу аяқталған соң балалар өздігінен өмір сүру үшін ашық әлеуметтік ортаға шығарылады. Балалар үйінің тәрбиеленушілерді бұл дербес өмірге қаншалықты дайындағаны олардың одан кейінгі өмір жолдарының ойдағыдай болуына жағдай жасайды. Жанұяда тәрбиеленген үй баласы мен жетімдер үйінің баласы арасында аналогия жүргіздік. Үйде еркін өскен бала сыртқы ортамен қатынасқа ашық, сескенбей түседі екен. Үйдегі ата-аналары бөтен адаммен сөйлеспе, кәмпит алушы болма деседе бала еш қауіп ойламайды. Ал жетім балалар нәресте кезінен «жандану» («оживление», қолға көтеру) процесін өтпегендіктен, әсіресе алғаш көрген адамға еш сыр білдірмеуге тырысып, қатынасқа ашық түспейді екен. Тек бір оншақты рет не одан көп сөйлескенде ашылды не мүлде ашылмауы мүмкін. Олармен жұмыс істейтін психологтар мен тәрбиешілердің басты қиындықтардың бірі осы. Бұл «госпитализация» ауруы деп аталады екен. Қазақ жерінде бұл 20 ғ-дың 20-30 жылдарынан бастап пайда болыпты[8].

Сыртқы әлеуметтік факторларды бөлек қойғанда, жетім және ата - ана қамқорлығынан айырылған балалардың психикалық жағдайлары өте күрделі. Кез - келген балаға ата - ана тарапынан берілетін махаббат пен сүйіспеншіліктің орны ерекше, осындай назардың жетіспеушілігі, олардың әлеуметтік ортада өз орындарын табуына, әлеуметтік байланыстарды орнатуына көп кедергісін келтіреді. Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың проблемалары ғылым мен іс-тәжірибенің ең әртүрлі салаларындағы көптеген зерттеушілердің: дәрігерлердің, психологтардың, педагогтардың, философтардың, социологтардың назарын аударып келді және аударуда. Жетім балалар мен ата- аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың проблемаларын зерттеуді қарастыруға болады[9].

Қорытындылай келе, бұл ресми мәліметтерде жетім және ата - ананың қамқорлығынсыз қалған балаларға мемлекеттің қаншалықты назар аударып отырып, олардың санын азайтуға тырысқанымен, әр жетім баланың әлеуметтік ортаға бейімделуі, олардың нарықтық экономиканың талаптарына сәйкес келуінде, әлеуметтік психологиялық мәселелерін талқылауда теориялық тұрғыда қарастырылмаған тұстары әлі де өте көп.

Қолданылған әдебиет

1. Қазақстан Республикасының «Қазақстан-2030» даму стратегиясы
2. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Қазақстан

Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы

3. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі
4. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы заңы
5. Балалар үйіндегі тәрбиеленушілердің тілін дамытудағы ойынның маңызы
Бастауыш мектеп. - 2007. - №1. - Б. 19-21.
6. Балалар үйінде оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың әдістемесі. Оқу-әдістемелік құрал. – Астана, 2007. – 117 б.
7. Тынышбаева А.А. Актуальные вопросы социальной защиты детей сирот./ Ұлт тағылымы. Достояние нации , №2 (2), 2007. С.319-322.
8. <http://www.on.kz/u23526/blogpost/12438/>
9. Тынышбаева А.А. Сиротство как социальное явление: социологический анализ. Вестник КазНУ имени аль Фараби, №1 (20), 2007. С.77-82.
10. <http://egov.kz/>

УДК 37.013.42

РАБОТА СОЦИАЛЬНОГО ПЕДАГОГА С СЕМЬЕЙ

Ниязбекова Аида Мухтарбековна

a1308@bk.ru

Студентка Евразийского Национального университета им. Л.Н. Гумилева факультета
социальных наук, Астана, Казахстан

Актуальность данной темы состоит в том, что семья в современных условиях нуждается в социальной поддержке, которую может оказать служба социальной помощи и социальный педагог школы. Цель его работы - создание благоприятных условий в семье для личностного развития ребёнка, оказание ему комплексной социально-психологической помощи, а также защита ребёнка в его жизненном пространстве. Социальный педагог семье необходим, так как современная школа занимается только обучением, а 2/3 родителей испытывают трудности в воспитании ребенка. Прежде чем рассмотреть работу социального педагога с семьей, следует вспомнить типы семей, с которыми работает социальный педагог, - многодетная, неполная, опекунская, с детьми-инвалидами, неблагополучная.... От поведения отца и матери, их роли в воспитании детей зависит статус семьи. Социальный педагог сталкивается с разными неблагополучными семьями. Это семьи, где ребёнок живет в постоянных ссорах родителей, где родители пьяницы или наркоманы, хронически больные или инвалиды. Современные условия добавили ещё и безработицу родителей. Являются ли образцом для детей отец и мать, отсутствие их отрицательно влияет на развитие ребенка, такие дети чаще ущербны, нервозны, тревожны. Семья вводит ребенка в общество, именно в семье ребенок получает социальное воспитание, становится личностью. В семье укрепляют здоровье детей, развивают их задатки и способности, заботятся об образовании, развитии ума, воспитании гражданина, решают их судьбу и будущее. В семье закладываются черты характера, доброта и сердечность ребенка, он учится отвечать за свои поступки. В семье ребенок приучается трудиться, выбирает профессию, готовится к самостоятельной семейной жизни, приучается продолжать традиции своей семьи. Одним из условий существования семьи являются взаимоотношения в семье, как воспитываются дети, как ведется хозяйство, как удовлетворяются интересы всех ее членов. Взаимопонимание, уважение, поддержка, понимание определяют взаимоотношения. Взаимоотношения в семье зависят от традиций общения, экономического и социального состояния общества, зависимости семьи от общества, участия супругов в ведении хозяйства, в общественном производстве, от типа семьи: многодетная, бездетная, кто главенствует, от личных качеств, характера. Социализация в семье зависит от состава семьи. Сегодня нет больших семей, в которых живут и тети, и дяди, и дедушки, и бабушки. Социализация личности в семье зависит от